

І ТУЫ

НИҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

МТС, совхоз механизаторлары мен колхозшылар көктемгі егіске үлгілі әзірлену жолында қажырлы еңбек етуде. Партия ұйымдары олардың арасында социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетіп, жөндеуші тракторшылардың, барлық колхозшылардың саяси және өндірістік өрлеуін бастай білуге міндетті.

ез, әрі
К

Қоғамдық мал әрбір фермада шығынсыз өсірілсін

Еңбек жемісі

Көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемені мінсіз жүзеге асыру жолында Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Октябрь ауданы) мал өсірушілері социалистік жарысты кеңінен өрістетуге нәтижесінде айтарлықтай табыстарға жетті.

Озат мал өсірушілердің бірі—Е. Мятникова жолдас. Ол—колхозда сауыншы болып істейді. Кәзір оның қарамағында 12 сауын сыйыр бар. Үздік сауыншы оларды ұдайы жақсы күтімде ұстайды. Жаз болсын, қыс болсын оларды мезгілінде азықтандырып, суарады. Сондай-ақ ол сыйыр саууда ғылым мен озат тәжірибе табыстарын шебер ұштастырып, сүтті мол дайындаудың жаңа мүмкіншіліктерін тауып отырады.

Үстіміздегі жылы Мятникова жолдас өзіне бекітіліп берілген 12 сауын сыйырдың әрқайсысынан 1 бузау алып, шығынсыз өсірді. Мұнымен бірге, ол әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1500—1600 литрден сүт сауып, жылдық тапсырманы артығымен орындады. Сауын сыйырлардың қысқы күтімін үлгілі ұйымдастырып, Мятникова жолдас сүтті кәзір де мол алып жүр.

Қоғамдық мал басып өсіріп, оның өнімді-

Совхоздың таңдаулы мал өсірушілері

Коммунист Есенов Сүлеймен жолдас жасынан мал бағып келеді. Сондықтан да ол малды қысы-жазы бірдей бағып, өсірудің жолдарын өте жақсы біледі. Мамлют асыл тұқымды мал совхозының басшылары оны тәжірибелі малшы, қолынан іс келетін, ұйымдастырушылық қаблеті бар бйғандықтан қатарлы мал бағушыдан мал бағудың жауапты участогіне жоғарылатты. Кәзір Есенов жолдас осы совхоздың № 1 фермасында гурт бастығы болып істейді.

Есенов жолдас гурт бастығы болып істегелі грутта мал шаруашылығы айтарлықтай өркендеуде. Бұған бйылғы облыстық ауылшаруашылық көрмесіне совхоз бойынша жіберілген малдың, оның өнімінің және мал өсірушілердің жоғарғы көрсеткіштерін көрсететін экспонаттардың көпшілігі осы гурттен келгендігін айтсақ та жеткілікті. Есенов жолдас басқарған гуртта еңбек тәртібі берік сақталады. Мал өсірушілердің еңбегі дұрыс ұйымдастырылған. Демек, әрбір мал өсіруші өзінің қандай жұмыс істейтіндігін жақсы біледі. Кәзір бұл гурттың жұмыс тәжірибесі, олардың еңбек ұйымдастырудағы үлгісі бүкіл совхоз коллективіне кеңінен таратылуда.

жолдас және мал дәрігерлері қоралардың қысқы әзірлігін тексеріп, жақсы деп бағалаған болатын.

Есенов Сүлеймен жолдастың зайыбы Жамал 5—6 жылдан бері осы гуртта сауыншы болып істейді. Ол совхозда алдыңғы қатарлы сауыншы болып саналады. Өткен жылы қарауындағы «Сирень» атты сауын сыйырдан 6557 литр сүт сауыды. Бұл сүттің майлылығы 942 килограмға жетті. Ал, оның алған міндеттемесі әрбір сыйырдан 4000 литрден сүт сауу еді.

Бйылғы Жамалдың қарауында 8 сауын сыйыры бар. Өткен 10 айдың ішінде бұлардың әрқайсысынан 4000 литрге жуық сүт сауылды. Жамал жыл аяғына дейін әрбір сыйырдан 4000 литрден асыра сүт алу үшін күресуде.

Сыйырдың құнарлылығының, сүттің майлылығының артуы—күтімге, азыққа байланысты. Мұны Жамал өз тәжірибесімен көріп келеді. Сондықтан да ол жыл сайын қарауындағы сыйырлардың құнарлы азықпен азықтандырылуына, мезгілінде суарылуына, сыйырлардың күндізүні тұратын орнының таза, жайлы болуына ерекше көңіл бөліп отырады.

Халықтың демократия елдерінде

РУМИНИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ И. В. СТАЛИННИҢ «ССРО-ДА СОЦИАЛИЗМНИҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» ДЕГЕН ШЫҒАРМАСЫН ОҚЫП, ҮЙРЕНУДЕ

БУХАРЕСТ, 10 декабрь. (СОТА). Румыния еңбекшілері И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпаңдық еңбегін зор ынтамен оқып, үйренуде. Бұл еңбек румын, венгер және неміс тілдерінде 200 мың данадан аса тиражбен басылған. Румыния Жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің мүшелері И. В. Сталин жолдастың шығармасы туралы облыстық партия ұйымдары активтерінің алдында баяндамалар жасап, лекциялар оқуда. «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбек барлық партия мектептерінде оқылуда, бұл еңбек партия оқуы орындарының программасына енгізілген. Бухаресте басшы партия, мемлекет және шаруашылық кадрларына, сол сияқты, марксизм-ленинизм кешкі университетінің студенттеріне арналып «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», «И. В. Сталин жолдастың классиктік жаңа шығармасы», «И. В. Сталин социализмнің экономикалық заңдарының объективті сыпаты туралы» деген лекциялар оқылды. Жоғарғы және орта дәрежелі оқу орындарында И. В.

қойған жоқ. Осының нәтижесінде Приешім МТС-і тракторлар мен ауылшаруашылық саймандарын жөндеудің бескүндік, айлық және тоқсандық графиктерін үнемі орындап келеді. Мұнымен бірге, МТС-те жөндеу саясаты да ойдағыдай болып отыр.

Алайда, тракторлар мен ауылшаруашылық саймандарын жөндеу, жалпы көктемгі егіске әзірлік жұмыстары барлық жерде бірдей осылай тыңғылықты ұйымдастырылған деп айта алмаймыз. Облысымызды жалпы алғанда алдағы көктемгі егіске әзірлік жұмыстары мейлінше қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Тракторларды жөндеудің төртінші тоқ-

жет. Бұл үшін партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тегі істің жайын жете білу арқылы олардың көктемгі егіске әзірлік жұмыстарына іскерлікпен басшылық жасап, нақтылы көмек көрсетіп отырулары керек.

МТС, совхоз механизаторлары мен колхозшылар көктемгі егіске үлгілі әзірлену жолында қажырлы еңбек етуде. Партия ұйымдары олардың арасында социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетіп, жөндеуші тракторшылардың, барлық колхозшылардың саяси және өндірістік өрлеуін бастай білуге міндетті.

Карл Маркстің „Капиталы“ украин тілінде басылып шықты

КИЕВ, 10 декабрь. (СОТА). УССР мемлекеттік саяси әдебиет баспасы Карл Маркстің «Капитал» деген еңбегінің украин тіліне аударылған II томын басып шығарды.

Орысша басылуынан аударған СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин институтының Украин филиалы.

Ғылым мен озат тәжірибенің табыстары совхоз өндірісіне енгізілсін

ССРО совхоздар Министрлігі ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын совхоз өндірісіне енгізудің 1953 жылға арналған жоспарын бекітті. Бұл жоспар ғылыми-зерттеу және тәжірибе мекемелерінің, одақтас республикалардың совхоздар министрліктерінің, трестер мен совхоздардың ұсыныстарына сүйене отырып жасалған.

Жоспар бойынша ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға, мал шаруашылығының өнімділігін молайтуға және шаруашылықтың басқа да салаларын өркендетуге көмектесетін 45 түрлі шараны өндіріске енгізу көзделген. Бұл шаралардың көбін өндіріске енгізу быйылғы жылдың өзінде елеулі пайда келтірді.

Ануленай совхозында (Литван ССР) егістің қатараларына тұқыммен бірге түйіршікті суперфосфат енгізудің нәтижесінде қара бидайдың әр гектарынан 5,9 центнер, Пиктупенай совхозында жаздық бидайдың әр гектарынан 3,8 цент-

нер қосымша өнім алынған. Челябинск облысының Песчаный совхозында қара бидай қолдан тозаңдандырылып, осының нәтижесінде совхоз қара бидай егісінің әр гектарынан әдеттегіден 3 центнер өнімді артық алған.

Алдағы жылда 2.313 мың гектар жерді дөңді дақылдарды тоғыспалы және тарқатарлы әдіс бойынша себуге ұйғарылып отыр. Мұның өзі егістің шығымдылығын гектарынан 5 центнерге дейін арттырады, мұның үстіне яровизацияланған тұқымдар себілетін егісті ұлғайтуға және басқа бағалы шараларды қолдануға ұйғарылды. Мал шаруашылығындағы тракторларды және басқа машиналар мен құрал-саймандарды жөндеудегі ауыр және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру дәрежесі едәуір арта түседі.

Жоспарда басқа да шаралар белгіленді.

(СОТА).

малды қыстан күйлі шығару жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, жанқиярлықпен еңбек етуде, сөйтіп, жылқының қысқы күтімін үлгілі ұйымдастыруда.

Жылқышылар мал өсіруде қол жеткен табыстарымен XIX съездің қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру күресіне лайықты үлес қосып отыр.

А. САУЫТБАЕВ.

да жұмыс істейді. Мысалы, И. Чернышев, А. Рябых сияқты комсомолдер мал қоралары жанына шөп тасыйды. Олар қыстаулар жанына шөп тасуда күн сайын өнімді еңбек етеді. Бұл екеуі күніне 10-20 центнер шөпті нормадан артық тасыйды.

Колхозда шөп тасуға трактор да бөлінген. Трактормен шөп тасыйтындардың

келеді. Аз жүздеген ц

Комсомол сында кол жемшөбі фелынды.

Бір топ тікелей жүз



Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставы ұйғыр тілінде басылып шықты

Қазақ мемлекет баспасы Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставын ұйғыр тілінде жеке кітапша егіп басып шығарды. Кітапша көптеген тиражбен басылды

(ҚазТАГ).

«ССРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДОСТЫҒЫ» ФЕСТИВАЛІ АЯҚТАЛДЫ

Кеше Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында «ССРО халықтарының достығы» фестивалінің аяқталуына арналған университет студенттерінің кеші болды. Тарих ғылымының кандидаты С. Б. Бейсенбаев «ССРО халықтарының мызғымас достығы» деген тақырыпта баяндама жасады. Содан кейін студенттер РСФСР-тегі халықтардың семьясындағы бірінші республика» деген музыкалы-әдебиет монтажын көрсетті.

Университетте «ССРО халықтарының достығы» фестивалі үш аптадан аса уақытқа созылды. Осы уақыттың ішінде университеттің студенттері Совет Одағы республикаларының тарихы, экономикасы мен мәдениеті туралы 40-тан аса лекция тындады.

(ҚазТАГ).

Өскемен СЭС-інің құрылысына Монтажшылар бригадирлері

Жұмыстың аяқталғандығына дабыл қабылды. Дабылды қабылдап алу үшін монтажшылар бригадирі Иосиф Глейзеровке Никита Ганжа келді.

—Бүгін қалай істедіңіздер?

—Онкүндік тапсырманы аяқтадық.

—Біз сіздерден кейін қалмаспыз, — деді Ганжа. —Кемінде 150 процент береміз.

Ганжаның бригадасы бұл күні екі смелалық тапсырмаға жуық норма орындап, СЭС-тің екінші агрегатын монтаждау жөніндегі маңызды жұмысты аяқтады.

Монтажшылар Иосиф Глейзеров пен Никита Ганжа 16 жылдан бері өзара жарысып келеді. 1936 жылы олар Ленинградта, металл зауытында кездесті. Сол жерде

бұлар бір-бірімен дабыл қабылдап алу үшін монтажуға көмектен гидроэлектр станцияларының құрылысына кездесті, мұнда бригадалар көптен бергі басталды.

Жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ҚАРАҒАНДЫ. (СОТА). «Қарағанды уголь разрезі» тресінің № 5 көмір разрезінің коллективі отын шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Үшінші тоқсандағы жұмыстың қорытындысы бойынша разрездің шахтерлеріне Кәсіподақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі мен көмір өнеркәсіп Министрлігінің ауыспалы Қызыл Туы және бірінші дәрежелі ақшалай сыйлық берілді.

Өндірістік тапсырмаларды мерзімінен

бұрын орындалып, көмір шығару өткен жылғымен артық еңбек көмірдің бір жоспармен сәйкес Жарыста көрсетілген басқаратын сәйкес 65 мың тонна

Р М Ы С Ы

Экономикасы мен кендету күресінде

«коммунизм» колхозы партия мүшесінен

тарға масат-шаруашылық бар. Біздің жұмыс ісінде өнім алу, алу міндетте-

өзінің сөзін айтына арнап, мал азық-түлікке көктемгі тазалау ісін сыпаттай-

өзінің шарттыра беру ауылшаруашылық көлеміне жетісе алмай шаруашылық өселесіне жеткі алаңдарды тыңайтқыш болып отыр. техникалық сауық байланысты дақылдары шаруашылық арттыруымыз

тия-үйымдық на көп назар шаруашылық іргізудің қарға колхозда жайы бүгінгі үйымдастыретті. деді жеткіз-

жолдас басқаны айтпағанда өзі газет, журналдарды оқудан қол үзіп, өмірден артта қалып келеді. Осы сыяқты, кейбір үгітшілер өздерінің әнгімелерін колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен байланыстырмай, жалаң өткізеді. Колхоз партия ұйымы үгітшілер тобының жұмысына басшылық пен бақылауды күшейтуі қажет. Аудандық партия комитеті колхозға саяси баяндамашылар мен лекторларды жиі жіберіп колхоз партия ұйымына идеялық жұмыс жағынан да көмектесіп тұруы керек.

Жыйналыста коммунистердің саяси оқуының жайы көп сөз болды. Коммунистердің маркстік-лениндік тесрияны үйренуге деген ынталары өте зор екені атап көрсетілді. Осыған байланысты бастауыш партия ұйымы мен аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі партия оқуының идеялық мазмұнын арттыру жөнінде әлі де көп жұмыстар істеуге тиіс екендігі айтылды.

Партия ұйымының секретары Радионов жолдас жыйналыққа қатысушылардың назарын колхозшылардың ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу және қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарысын пәрменді ұйымдастыру мәселесіне аударды. Ол социалистік жарысты ұйымдастыруда әлі де формальдылыққа жол берілетінін, ауыл шаруашылығы озаттарының іс тәжірибелері жеткіліксіз насихатталатынын айтты.

Жыйналыс СОКП-ның XIX съезінің қарарларын бірауыздан мақұлдап қаулы алды, съезд қарарларын жүзеге асыру жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.



Архангельска балалар үйінің қызметкерлері өздерінің тәрбиеленушілерінің мектептен тыс уақытта берілген тапсырмаларды орындауларына көмектесіп отырады.
СУРЕТТЕ: Балалар үйінің бұрынғы тәрбиеленушісі —кәзір тәрбиеші Людмила Васильевна Семенова жолдас балалардың сабаққа дайындалуына көмектесуде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Физкультура және спорт

Оқушылардың спорт шеберлігін үздіксіз арттырайық

Кәзір облысымыздың мектептерінде 146 төменгі физкультура ұйымы жұмыс істейді. Үстіміздегі жылы спорттың түр-түрі бойынша үшінші разрядтағы 281 және жастар разряды бойынша 852 разрядшы даярланды. 2700-ге жуық оқушы ГТО значегіне норма тапсырды.

Үстіміздегі жылы июнь айында өткізілген оқушылардың облыстық VI спартакиадасы облыс мектептерінде спорт жұмыстарына байқау болды. Оған қаладан 2, аудандардан 10 команда қатысты. Спартакиадада облыстық 15 рекорд жаңартылып, 84 жас жігіттер мен қыздар

дәстүрлі, ал, өзі коньки тебуді де білмейді. Мектеп директоры Л. Муххо жолдас Носованың сабағына бір-ақ рет қатысқан, соның өзінде де сабақтың қалай өткендігіне талдау жасамаған. Бұл айтылған фактілердің өзі облыс мектептерінің барлығы бірдей спорттан арнаулы білімі бар маман мұғалімдермен толықтырылмағандығын дәлелдейді.

Мектептерде физкультура жұмысының қанағаттанғысыз болуының өндігі бір басты себебі—«Динамо» магазині, облыстық тұтынушылар одағы сыяқты сауда орындары спортшыларды шаңғымен және басқа

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

АҚШ-тың ССРО-дағы Уақытша Елшісі О. Шонесси мырза осы жылғы 10 декабрьде ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орындасары Я. А. Маликке нота жіберді. Бұл нотада АҚШ үкметі Американың С—47 соғыс транспорт самолетін онда болған заттармен бірге қайтаруды талап етеді.

Жұртқа мәлім, бұл нотада айтылған самолет 1951 жылғы 19 ноябрьде Венгрияның шекарасын бұзып, Бітім Договорының 22-статьясына сәйкес Венгрияда тұрған совет авиациясының аймағына өтті, күзеттегі совет истребительдері оны Венгрия жеріне қондырды. Я. А. Малик жоғарыда көрсетілген нотаны мынадай жолдама хатпен О. Шонесси мырзаға қайтарды.

«Сіздің осы жылғы 10 декабрьдегі № 473 нотаңыз, тиісінше тапсырылмағандықтан, осымен бірге қайтарылады, өйткені, онда 1951 жылғы ноябрьде Венгер Халық Республикасының шекарасын бұзған, Будапешт Соғыс Трибуналының үкімі бойынша Венгрияның өкмет орындары тарапынан ішінде болған заттарымен бірге конфискеленген Американың С—47 соғыс транспорт самолеті туралы мәселе бар».

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС

КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 декабрь. (СОТА). Корея Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі декабрьде мынаны хабарлады:

Өткен күні Корея Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары Чхольвонның солтүстік жағында американа-ағылшын әскерлеріне қарсы ұрыстар жүргізді.

Кеше Кэсонның солтүстік жағында жиекті қорғау бөлімдері американдық катерді суға батырды.

Бүгін Халық армиясының зениттік ар-

идеялық жоғарғы дәрежеде өтіп келеді. Насихатшылар Нелеп және Ткаченко жолдастар әрбір сабақтың тақырыбына байланысты көрнекі құралдарды, көркем әдебиеттерді кеңінен пайдаланады. Програм-

жолдастың партия жұмысының негізгі саласы — коммунистердің саяси оқуына немқерті қарауына енді қашпа уақыт төзуге болады? — Аманкелді атындағы колхоз партия

дің саяси оқуын кәзіргі өскелең талаптың дәрежесіне сай ұйымдастыруға міндетті.

Т. ЕСЕНОВ.

жарысы, орыс хоккейінен блиц турнир және эстафета болды.

Әйелдер мен еркектердің, қыздар мен жас өспірімдердің 65 шаңғы командасы арасынан «Молот» спорт клубының ерлер командасы жақсы көрсеткішке ие болды. Әйелдер ішінен оқытушылар институты-

мандасы бірінші «Локомотив» ст хоккейшілер эстафетир қызықты өтті щевик» және «М кейшілерінің ойы щевик» командасы ды.

Үгітші Романенко

Киров атындағы колхоз (Полудень ауданы) партия ұйымы СОКП-ның XIX съезінің материалдарын насихаттауды колхозшылардың жұмыс орындарында және үйлерінде жүргізуде. Мұнда үгітшілер егіс бригадалары мен мал фермаларында және онүйліктерде съезд материалдары жөнінде дауыстап газет оқып, әңгімелер өткізіп жүр.

Г. Романенко жолдас таңдаулы үгітшілердің бірінен саналады. Оның онүйлігінде 23 адам бар. Бұл колхозшылармен Романенко жолдас соңғы бір айдың ішінде 16 рет әңгіме өткізді.

Ол соңғы бір әңгімесін қоғамдық мал шаруашылығы жаңа бесжылдықта деген тақырыпқа арнады. Бұл әңгімеде үгітші өз колхозының мал шаруашылығы жөніндегі табыстарды айта келіп, колхозшылардың назарын мал шаруашылығы өнімдерін еселеп арттыру мәселесіне арнады.

Колхоз үгітшілері съезд қарарларын насихаттау ісін барған сайын жақсартып береді.

Б. ЖӘНЕНОВ.

ПАРТИЯ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ АКТИВІНІҢ ЖЫЙНАЛЫСЫ

Петропавл темір жол бөлімшесінің саяси бөлімі № 4 және № 5 жыл дистанциялары партия және шаруашылық активінің жыйналысын өткізді. Оған жүздеген адам қатысты.

Жыйналыс поездардың тоқтаусыз жүруі және темір жол қызметкерлерінің арасында еңбек тәртібін күшейту жөнінде мәселе талқылады.

Съезд материалдарын кеңінен насихаттаудамыз

Партияның XIX съезі және Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі совет халқына коммунистік қоғам орнатудың нақтылы программаларын белгілеп берді. Совхоз партия ұйымы бұл тарихи документтерді еңбекшілер бұқарасына кеңінен насихаттауды өзінің басты міндеттерінің бірі етіп қойып отыр.

Бұл мақсатты ойдағыдай жүзеге асыру ісін біз үгітшілер тобының құрамын саяси үгіттен тәжірибелері мол, бұқара алдында беделді коммунистер мен партияда жоқ интеллигенттер есебінен толықтырудан бастадық. Совхоз бойынша 30-дан астам үгітшілер жұмыс істейді. Олардың ішінде өндірісте енеге көрсетіп, өздерінің саяси білімдерін үнемі көтеріп жүрген коммунистер: тракторшы Науменко, комбайншы Тілеулесов, токарь Вечеслав, шофер Дубовой, темір ұстасы Шивылов және басқалары бар.

Совхоз партия ұйымы өткен ноябрь айында үгітшілердің екі күндік семинарын өткізіп, съезд материалдарын насихаттау жөнінде методикалық кеңестер берді. Бірақ, үгітшілермен жұмыс мұнымен біткен жоқ. Бөлімшедегі бастауыш партия ұйымдары әрбір апта сайын үгітшілердің кеңестерін өткізіп, онда саяси-бұқаралық жұмыстың барысына қорытынды жасап отырады. Осының нәтижесінде саяси үгіттің тақырыбы кеңейтіліп,

өткізілген әңгімелердің идеялық мазмұны тереңдей түсті.

Мәселен, үгітші-коммунист, тракторшы Науменко жолдас жөндеу мастерскойында бір айдың ішінде 16 рет әңгіме өткізді. Ол соңғы бір әңгімесін И. В. Сталин жолдастың съездің қорығынды мәжілісінде сөйлеген сөзіне арнады. Үгітші өзінің әңгімесінде кесемнің сөзін тыңдаушыларға жете түсіндірді. Сонымен қабат, совхоз коллективінің бейбіт еңбектегі қол жеткен табыстарын әңгімеледі. Сөйтіп, механизаторларды тракторларды жөндеу жұмысын үлгілі өткізуге шақырды. Үгітшілер Тілеулесов, Бондаренко, Чударов және басқалары туралы да осыны айтуға болады.

Дегенмен, үгітшілер тобының жұмысында кейбір кемшіліктер де болды. Үгітші Ыбраев және Скрынников жолдастар өздеріне бекітіліп берілген учаскеде әңгімелерді жоспарлы өткізбеді. Партия бюросы өзінің мәжілісінде аталған үгітшілердің есебін тыңдап, олардан партиялық тапсырманың орындалуын қатаң талап етті. Осыдан кейін Ыбраев және Скрынников жолдастар съезд материалдарын насихаттауды тиісті жоспар бойынша өткізіп тұратын болды.

Біз съезд материалдарын насихаттау ісін барған сайын жақсартып береміз.

А. ЗДОРЬЕВ,

Возвышен совхозы партия бюросының секретары.

Хоккейшілер жарысы

Қаладағы спорт қоғамдарының орыс хоккейінен қала бойынша бірінші орын алу үшін жарысы басталды.

«Локомотив» стадионында бірінші болып «Молот» спорт клубының хоккейшілері Қазақ ССР-нің чемпионы — «Пищевик» ерікті спорт қоғамының командасымен кездесті. Ойын 3:3 есебімен аяқталды.

Бурнағы күні «Динамо» стадионында «Пищевик» командасы «Электрик» ерікті спорт қоғамының хоккейшілерімен кездесті. Ойын қызу түрде жүрді. Ойын 6:2 есебімен «Пищевик» командасының жеңісімен аяқталды.

Ескер

Совет ауданында колхозда өткен жыл спорт қоғамы ұйымшелер тартылған.

Бірақ, осы уақыт ұйымдастырылмағандыққа өткен 10 ай көбейген жоқ.

Белешекте аудандық спорт комитетінің ішкі ерікті спорт жандандырып, колін қанаттанды.

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1953 жылға

жазылушылар

қабылданады

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық ө жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің тұруын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет та